№ 194 от 30.07.2024

«БЕКІТЕМІН»
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
«29» тамыз 2024 жыл

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
тәлімгердің жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының
2-қосымшасына сәйкес

Тәлімгер: _____ **Қуанышбек Инабат**

Мектеп тәлімгерінің 2024-2025 оқу жылының жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Нәтижесі	Жауапты	Уақыты
1	«Мектеп – мейірім мекені!»	Салтанатты іс-шара	Алғашқы қоңырау соғу салтанаты	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, тәлімгер	Қыркүйек
2	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі 1. «Қыз бала – отбасының шырайы». Қыздар кеңесі. 2 «Отбасым – менің мерейім». Ұлттық құндылықтар оқушы көзімен.	Отбасы күніне арналған челлендж Психологиялық тренинг	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қыркүйек
3	«Ақылды бейсенбі»тәлімгер уақыты	«Қазақтың көмекей әулиесі» Бұқар жыраудың туғанына 355 жыл толуына орай, жыраудың жырларын тыңдай отырып, оқушыны шығармашылық ізденіске бағыттау, толғау айтудағы шеберліктерін арттыру. «Туралықты тұғыреткен Төле би» Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орайжас ұлан сағаттарын өткізу. *«Бейімбет Майлин әңгімелері-қазақ өмірінің айнасы» *эсселер байқауы* Б.Майлиннің 130 жылдығына орай, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға атсалысу;ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу.«Ұлы далажыршысы» *жас ұлан сағаты* *К.Әзірбаевқа 140 жыл.Дүлдүл ақынның өмірі, шығармаларымен танысып, үлгі-өнеге алу, ақын жолын жалғастыру.«Қазақ поэзиясының құлагері» *әдеби кеш* Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл толуына орай өмірімен шығармашылық жолына шолу жасау. Жастарға Ілияс Жансүгіровтің еңбектерінің маңыздылығын көрсету. *«Адамзат тағдыры-ның жаршысы» *іс-шаралар*	Атқарылған шаралар бойыншажеліде бейнеролик (1-2 мин) жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (8-10 сынып)

		Қазақстан халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдықмерейтойын атап өту. *«Балалар әдебиетінің бағбаны» *жаппай оқу* Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізілуіне орай жазушы шығармаларын жаппай оқу жобаларын іске асыру.			
4	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қазан айы
5	«Оқуға құштар ұлан» акция	«Отбасымен кітап оқу» , «Тәлімгермен бірге оқыдым» - жобалары дағдыларын қалыптастыру шараларын ұйымдастыру.	Оқыған кітаптары Бойынша желіде бейнеролик (30-45 сек) жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (2-11сынып)
6	«Әкем үйреткен »	Отбасы өнегесін түсіндіру бойынша іс-шаралар , әке тәрбиесінің мектебін кітап оқу дағдылары арқылы қалыптастыру.Әкеммен оқимын, әкем оқыған бір кітап, әкем ұсынған кітап, әке мұрасы тақырыптары бойыншатүрлі әдебиетті әкесімен бірге оқуды дамыту. Үй кітапханасын насихаттау.Әке өнегесін үйрену.	Атқарылған шаралар Бойынша желіде бейнеролик (2 мин) жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (2-11сынып)
7	«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Облыстық, Қалалық. Аймақтық Мектепішілік дебат (пікірсайыс)	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қазан айы
8	Республикам – мақтанышым! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қазан айы

9	«Көңілді үзіліс»	Мектеп тәлімгерінің сабақ арасындағы үлкен үзілісте балаларға пайдалы шаралар ұйымдастыру.Қимыл – қозғалыс ойындары мен спорттық ойындар өткізу (еркіне қарай).Балалардың көңіл-күйін көтеру.«Жиырма минут кітап оқы»акциясын өткізу. «Жастардың оқуға құштар құзіреттілігін дамыту..	Көңілді үзіліс Мектепте үзілістер Арасында ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (2-11сынып)
10	«Алтын күз»	«Сары алтын жапырақтар төгілгенде» видеоролик	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қараша
11	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Желтоқсан
12	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Облыстық, Қалалық. Аймақтық Мектепішілік дебат (пікірсайыс)	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Желтоқсан

13	«Адал Дос-Шын Дос» акция	Мектеп тәлімгерлерінің әрбір мектептегі инклюзивті сыныптағы балаларды шефтік көмекке алуы.Олармен біргешаралар өткізу. Ерекше қабілеттегі достарға кедергісіз кеңістік орнату бағытында кітаптарды бірге оқу.	Мектепте инклузивті сыныптағы балалармен ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (8-10сынып)
14	«Ұлағатты Ұландар » эл.құрмет тақтасы	Жас ұлан ұйымының жұмыс бағыттары бойынша белсендікітапқұмар ұландарды эл. Құрмет тақтасына шығару. Мектеп теледидарында үзілістерде насихаттау.	Эл.құрмет тақтасы желідежариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Тоқсан сайын(2-11сынып)
15	«Дар марка» ұландардың сый жәрмеңкесі	Достары үшін сый жәрмеңкесін ұйымдастыру. Мектепішілік, аудандық сый жәрмеңкеге өзі оқып болған, кітаптарды сый жәрмеңкесіне апарып,достарын қуанту.Жәрмеңке аясында мектеп тәлімгерлері «Бук-слем» ұйымдастыру.	Жыл бойы кітап оқуды насихаттаудағы түрлі акция,жобаларды жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Тоқсан сайын(6-11 сынып)

16	«STAND UP» медиафорумы	Барлық білім беру мекемелерінде медиасауаттылықтың әліппесін үйрету, ақпараттық сауатты ұрпақ қалыптастыру. Журналистика мамандығын таңдайтын оқушыларға кәсіби бағдар беру. Мектеп тынысынан ақпар беруге дағдыландырып, жас журналистердің, сауатты блогерлердіңшоғырын қалыптастыру. Мектеп тәлімгері мен 8-11 сынып оқушыларынан құралған белсенді кітап құмарларды ай сайын тыңдармандармен кездестіру.	Мектеп ішілік жобаны дамыту.Алғы шарттарын ұйымдастыру. Мектеп бойыншаатқарылған шараларды желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ай сайын (8-11 сынып)
17	«Өнегеңмен ұлысың, ұлыбаба» Кітап көрмесі	Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орайоқырмандарға ұлы баба ілімінің ізгілікті ойлары туралы білім беру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ақпан
18	«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Облыстық, Қалалық. Аймақтық Мектепішілік дебат (пікірсайыс	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ақпан
19	«Ереуіл атқа ер салмайерлердің ісі бітер ме?» пікірталас	М.Өтемісұлының туғанына туғанына 220 жыл толуына орайақынның жыр жолдарын талдай отырып, пікірталас өткізу.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ақпан
20	«Бабалар Үні» челленджэпостық жырларды жатқа оқу айлығы	Батырлар жырын жатқа оқу акциясын жалғастыру. Сыныптағы балаларды толық қамтуға ат салысу.Эпостықжырларды жаттау арқылы «Трендте кітап оқу», «20 минут кітап » жобаларын іске асыру. Отбасымен кітап оқуға дағдыландыру.Мектеп тәлімгерімен бірге челленджге қатысу	Желідегі«Бабалар үні» акциясында балалардың шығуы	Тәлімгер: Қуанышбек И	Ақпан маусым (7-10сынып)

21	«Наурыз поштасы»	Қарттар мен үйден оқитын балаларға кітап сыйлау, бірге кітап оқу ациясы.	Желіде жариялау Акция	Тәлімгер: Қуанышбек И	Наурыз (2-10сынып)
22	«Шәкәрім дүниетанымы» *әдеби жәрмеңке*	Ш.Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай ақын талантын шәкірт жүрегіне ұялату.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Наурыз
23	«Оралхан Бөкей- төр Алтайдың асылы» *танымдық сағат*	Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай, ақыншығармашылығынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Наурыз
24	«Алаш жолы» шығармашылық апталығы	Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына орай жазушының мұрасын оқырмандарға таныстыру және оның көркем шығармашылығын насихаттау. Сондай-ақ, оқырманның ой-өрісін кеңейту, қазақ халқының рухани құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Сәуір (8-11сынып)
25	«Қанатты достар» акциясы	Жыл құстары туралы көркем әдебиеттерді оқу, насихаттау. Олардың пайдасы, ерекшеліктері туралы бук-слемде жасау.	Акция Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Сәуір (6-9сынып)
26	«Мұрат Әуезов- ұлы тұлға» *көрме*	Жас ұрпаққа қоғам қайраткері, мәдениеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына орай өмірі мен шығармаларымен таныстыру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Сәуір
27	«Мәшһүр Жүсіп әлемі» *тарихи шежіре сағаты*	Ұлы ойшыл, фольклор танушы, философ, ақын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (165 жылдығына орай), өмірі мен шығармашылығын таныстыру, әдеби мұрасын насихаттау.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Сәуір
28	«Plogging» жүгір және тазала акциясы5-11 сынып оқушылары	Салауатты өмір салты және экологияға қамқорлықты біріктіретін «Plogging» акциясын алғаш рет Швецияда пайда болған.. Акция аясында жүгір және тазала ұранымен денсаулығын жақсарта отырып, таза ауа-ашық аспан астында экологиялық білімдерін жетілдіретін кітап оқуды	Акция Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Мамыр (5-11 сынып)

		ұйымдастыру.			
29	«Спандияр Көбеев педагогжәне ағартушы» *әдеби кеш*	Ақынның 145 жылдық мерейтойына ерекше назар аудару,оның ұлттық әдебиетті тәрбиелеу мен дамытуға қосқан үлесін насихаттау.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Мамыр
30	«Уақытпен санаспаған Жүсіп» *дөңгелек үстел*	Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына орай жазушының мұрасын оқырмандарға таныстыру және оның көркем шығармашылығын насихаттау. Сондай-ақ, оқырманның ой- өрісін кеңейту, қазақ халқының рухани құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Мамыр
31	«Алаштың сөнбес жұлдызы» *жыр мүшәйрасы*	М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай, ақынның шығармалары арқылы оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылықтарын ояту,сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін дамыту.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қыркүйек
32	«Сөз сұлтаны Сұлтанмахмұт Торайғыров» *танымдық сағат*	Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығы туралымағлұмат беру.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қыркүйек
33	«Тұлпар мініп, ту алған акция»	Батырлар жырын насихаттау. Мектеп тәлімгерлері мен жас ұландардың челленджі. «Тәлімгеріммен біргежаттадым»акциясын дамыту.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қыркүйек - желтоқсан
34	«Сәкен жырдың сарқылмасдариясы» мектепішілік *мәнерлеп оқу сайысы*	Жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен,Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің (130 жыл) өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қазан
35	«Халқына адал қас батыр-Қасым Қайсенов» *Жас Ұлан сағаты*	Қазақстанның халық қаһарманы, партизан- жазушы, ҰлыОтан соғысының ержүрек батыры Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл толуына орай адалдық сағатын өткізу.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қараша
36	«Eco Alem» үстелдік эко-ойыннан турнир өткізу	Балалардың экологиялық білімдері мен мәдениеттерін дамыту .Экологиялық тәрбиенідамытатын кітап көрмесін ұйымдастыру.	Аудандық, қалалық жарыс ұйымдастыру.	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қараша

37	«Сырдың жыр саңлағы» *дөңгелек үстел*	Ә.Тәжібаев (115 жыл) өмірі мен шығармашылығы арқылы балаларды патриоттық тәрбиеге баулу.	Желіде жариялау	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қараша
38	«Кітап оқып, трендте бол,Жас Ұлан»	Кітапқұмар балаларды насихаттау.Шараға белсенеараласкан ұйым белсенділері мен тәлімгерлердің қорытынды шарасы.	Аудандық, қалалық кітапқұмарлар форумы	Тәлімгер: Қуанышбек И	Қараша

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 1 қыркүйек Білім күніне орай, «Мектеп – мейірім мекені!» тақырыбы аясында алғашқы қоңырау соғу салтанатты іс-шарасы өткізілді. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымыз 11 сынып оқушыларымен бірге

Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу , білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.







АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 7 сынып оқушылар арасында Спорт фракциясының ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс» өткізілді. Үлкен үзілістер кезінде сынып оқушылары үшін «Көңілді үзілістердің» өткізілуі әдетке айналуда. Бұл шағын ойындарды ұйымдастырудың мақсаты тұлғаның өзін өзі бағалауын арттыру, ұжымды біріктіру, коммуникативтік қабілеттерін дамыту болып табылады.

Мақсаты:оқушылардың үзілісін қызықты әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундты тиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.









АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде мектебімізде қыркүйек айында жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Абайлаңыз балалар!» тақырыбы бойынша Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПб УПИ-ры полиция капитаны М.Нағашыбаев түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, таратпа қағаздарын таратты.

Мақсаты: жол ережесін сақтауға, көлік көп шоғырланған ортада жол ережесін қатаң сақтауға шақыру. Жол ережесін қатаң сақтайық достар! Ұранымен Жас ұлан оқушылары ұран қақты.











АНЫҚТАМА


И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 5-7 сынып оқушыларымен «Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты өткізілді. Оқушылар тәлімгермен бірге әдеби-көркем шығармаларды оқу арқылы таным түйсігін арттырды.

Мақсаты:оқушылардың әрбір уақытын пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу.

«Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты - өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.







АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 18 қыркүйек күні 2-сынып оқушылар арасында «Көңілді үзіліс» шарасы өткізілді.

Мақсаты:оқушылардың үзілісін қызықты әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундты тиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.









АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің 5- сынып оқушылары «Музейге саяхат» тақырыбы бойынша, Қызылорда облыстық өлкетану музейіне саяхатқа барып қайтты.

Мақсаты: емін-еркін қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, қызылорда облысының атақты ақын-жазушыларының өмір тарихымен таныстыру.

Ежелгі қазба байлықтарды, турмыс-тіршілікке пайдаланған бұйымдарды көрсетіп түсіндіру.















АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейде 19 қыркүйек күні «ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ» тақырыбы аясында отбасымен өткен алтын уақыт желіде жарияланды.

«Үяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» ,бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ананың рөлі мен отбасы құндылығының маңызы өте зор.

7«А» сынып оқушылары: Нұрсұлтанқызы Кәусар және Караманова Айзере.





АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейде жемқорлық адамның жауы тақырыбы аясында қыркүйек айында «Адал ұрпақ» ұйымының бірінші отырысы өтті. Отырыста алдағы уақыттағы жоспарларды анықтап, топшыланды. Отырыста «Жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тренинг өтті. Алдағы жумыстар бойынша «Адал ұрпақ» ұйымы президентіне тапсырмалар берілді.





АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектебімізде 1 қазан күні қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында мектепішілік іс-шара өтті. Шараға мектебіміздің ардагер ұстаздары келіп, оқушыларымыздың шексіз ілтипаттары мен өнерлеріне куә болды.















АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде «Сыбайлас жемқорлыққа бірге қарсымыз!» тақырыбында конкурсқа мектеп оқушылары қатысып, белсенділік танытты.

Мақсаты: Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мектепаралық кеңесінің шара жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Үздік сурет» , «Үздік постер» , «Үздік бейнеролик» сайысына 8Б сынып оқушылары Болатбекқызы Анель, Ахметова Айсана, 8А сынып оқушысы Қозыбақова Маржан қатысты.





АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде қазанның 2 сі күні «Даналық мектебі» ата-аналарды қолдау мақсатында «Әжелер сөзі – тәрбие көзі» атты 5-сынып оқушылары қатысуымен іс-шара өтті.

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Бесік жырын құлаққа сіңіре өскен бала – болашақта өз баласына да махаббатын бере алуды бойына сіңіру.

5-сынып оқушылары ән айтып, өнерлерін көрсетіп, ата-әжелері сұрақтарға жауап беріп, караокеде шырқаған әндеріне куә болдық!









АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейінде «Көңілді үзіліс» өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың үзілісін қызықты, көңілді, әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундынтиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.









АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейде «Күз ханшайымы – 2024» 6-7 сынып оқушылары арасында өтті.

Мақсаты: ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру, ұлттық бірегейлікті түсіну, мемлекеттік тілді меңгеру болып табылады.

Конкурс 4 бөлімнен тұрды:

1. «Кел, танысайық!»
2. «Өз өнерін көрсету»
3. «Күзгі сый»
4. «Күз ханшайымы» сән үлгісі.

Конкурс қорытындысы бойынша «Күз ханшайымы» қазақ сыныптардан 6Ә сынып оқушысы ҚҰНАНБАЙ РАЙИАНА, «Мисс осень» орыс сыныптардан 7Е сынып оқушысы СЕРІКБАЙ КӘУСАР иеленді.













АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейде «Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар әндер фестивалі жобасы аясында жергілікті композиторлар Сүйінбаева ляйла Қуанышқызы, Дауылбаева Гайния Жаппарбергенқызымен кездесу кеші өтті.

Мақсаты: ұлттық өнерді дәріптеп, рухани қазынасын байыту.

Композиторлардың әндері шырқалып, оқушылар арасында сұхбат жүргізілді.







АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицей оқушылары «ҚАСТЕРЛІ МЕКЕН ҚАСИЕТІ» тақырыбында Қызылорда облыстық өлкетану мұражайы және Анаға тағзым ғимаратына саяхатқа барды.

- Қызылорда облысының флора және фауна әлемі;
- Арал аймағын мекендеген динозаврлар;
- Сыр бойынан табылған «Алтын адам» реконструкциясы;
- Ежелгі қазағымыздың киім үлгісі, сат-дәстүрлері.







АНЫҚТАМА

№5 И.В.Панфилов атындағы мектеп-лицейде 25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МЕКТЕПІШІЛІК ӘН ҰРАН орындалды. Республика күні – Тәуелсіздігімізді ұлықтайтын мереке. Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн.







АНЫҚТАМА

ЖІГІТТЕРДІҢ СҰЛТАНЫ - 2024

"Сыр лигасы" сайысы аясында қалалық «ЖІГІТТЕРДІҢ СҰЛТАНЫ - 2024» сайысына И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің 8Б-10Б сыныптарынан құралған құрама командасы қатысты. Жігіт сұлтаны 4 турдан тұрды. Таныстыру. Арқан тарту. Кір тасын көтеру. Театр көрмесі. 8Б сынып оқушысы ҒАБИТ ДИАС III орын иеленді.

Жетекшісі: тәлімгер ҚУАНЫШБЕК ИНАБАТ.

Құттықтаймыз! Мектеп-лицейінің абыройын қорғаған жігіттің сұлтаны Диасқа толағай табыстар, өр мінезді азамат болып өсуіне тілектестік білдіреміз.













ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ

ДИПЛОМ

«Сыр лигасы» сайысы аясында өткізілген облыстық **«Жігіттердің сұлтаны»** байқауының қалалық кезеңінде жүлделі 5 **орын** иеленгені үшін

№ 5 мектеп (гимназия/лицей) оқушысы

Табит Диас

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Нұсқ. Нигбат

Бөлім басшысы **Ж. Садвакасова**

Тіркеу № 1610-3

ҚЫЗЫЛОРДА, 2024 ЖЫЛ

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 20-27 желтоқсан күндері 1-11 сынып оқушылары аралығында мектепішілік Жаңа жыл кешіне арналған мерекелік іс-шаралар өткізілді. Оқушылар Аяз аа мен Ақшақарға өз өнерлерін көрсетіп, түрлі ойындар ойнап, ән айтып, би биледі. Аяз ата, Ақшақар, Доңыз, Тышқан, Қоян және т.б аниматорлар кейіпінде мектеп парламенті мүшелері жақсы атсалысып, балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Балалардың жүзіне қуаныш, езуіне күлкі үйірген шыршаның соңы әсем ән мен әдемі естелік суретке түсумен аяқталды.











АНЫҚТАМА

"АЛТЫН САҚА" отбасы құндылықтарын насихаттайтын интеллектуалды сайысы. И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушылары, "Анаға тағзым" орталығы шығармашыл жастардың басын қосатын орта қалыптастыру мақсатында "Отбасы орталығында" кездесу өтті.

МАҚСАТЫ: Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, отбасындағы сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. Оқушыларды сыйластыққа, ата-анаға деген құрметке тәрбиелеу.

-шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жинақылыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту, осы сияқты құндылықтарды насихаттайтын ойындарға деген қызығушылығын ояту.

Интеллектуалды сайыс барысында оқушылар белсене қатысып, шапшаңдықтарымен, жылдам ойлау қабілеттерімен ерекше көзге түсті!




АНЫҚТАМА


"КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС"

🔔Мақсаты: оқушылардың үзілісін қызықты, көңілді, әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундты тиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.

🔔Көңілді үзілісті бастауыш сынып оқушыларымен тәлімгер Қуанышбек Инабат және мектеп Президенті Мұратқызы Айым өткізді .









АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалды әл-қуатын дамыту мақсатында мектебімізде

«ДОСБОЛ Like: достық қолын ұсын» акциясы өткізілді. Оқушылар достық белгі-суреттерін салып, түрлі-түсті бояуларға қол белгілерін, стикерлерге ізгі ниет тілектерін жазды. Бір-бірлеріне достық туралы мақалды жалғастырып, жақсы көңіл-күйдің эмоцияларын жеткізді.







АНЫҚТАМА

"Алғыс айту парызым" – жүректен шыққан жылы лебіздер!

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ерекше "Алғыс айту парызым" атты көңіл кездесуі өтті. Бұл мерекелік шара шынайы ризашылық пен жүрекжарды лебіздерге толы болды.

Мақсаты: Ел бірлігін нығайту, алғыс айту мәдениетін дамыту, мейірімділік пен ризашылық сезімдерін қалыптастыру. Оқушыларға, ұстаздарға және ата-аналарға құрмет көрсетудің маңыздылығын ұғындыру.

Міндеттері: Ата-анаға, ұстаздарға, достарға алғыс айту мәдениетін үйрету. Қайырымдылық пен ізгілік құндылықтарын дәріптеу. Қоғамда мейірімділік пен сыйластықты арттыруға ықпал ету.Өскелең ұрпақты жауапкершілікке, жанашырлыққа және адами құндылықтарға тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар өз жүрекжарды тілектерін білдіріп, ата-аналарына, ұстаздарына және достарына шынайы алғыстарын айтты. Сонымен қатар, түрлі шығармашылық қойылымдар, ән-жыр мен поэзиялық шығармалар орындалып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

#АлғысАйтуКүні #Ризашылық #Мейірімділік #Бірлік #МектепЛицей #АлғысАйтуКүні #Бірлік #Қазақстан #АлғысАйту #ҰлттыңБірлігі #5mekteplitsey #bilimkzo



Анықтама

КӨКТЕМ АРУЫ - 2025

Сыр лигасы жобасы аясында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде
14 наурыз күні 8-9-сынып оқушылары арасында "Көктем аруы - 2025" байқауы өтті.

Мақсаты: қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері:имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік т.б негізінде тәрбиелеу. Әр қыз баланы парасатты, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін

түсінуге тәрбиелеу.

Байқау 4 кезеңнен тұрды:

1.Таныстыру

2."Мен қазақтың қызымын" өнері

3.Салт-дәстүрге байланысты сұрақ-жауап

4.Сән үлгісі

Сайыс нәтижесінде:

8"б" сынып оқушысы Әлиәкім Жанерке 🏆БАС ЖҮЛДЕ иеленді

9"б" сынып оқушысы Саламат Аружан 1 орын иеленді

8"ә" сынып оқушысы Молдабек Армина 2 орын иеленді

8"а" сынып оқушысы Қозыбақова Маржан жүлделі 3 орын иеленді.






10
9
10

Анықтама

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «КҮЙ КҮМБІРІ» ДОМБЫРАШЫЛАР ЧЕЛЛЕНДЖІ

2025 жылғы 20 наурызда сағат 11:00-де И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Наурыз мерекесіне орай дәстүрлі «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі өтті! Домбыраның шанағынан төгілген күйлер ұлттық рухты көтеріп, көрермендердің жүрегіне жылулық сыйлады.

Шара барысында қазақ халқының ұлы күйлері орындалып, төл өнеріміздің құдіреті паш етілді. Көпшіліктің ерекше ықыласына бөленген күйлер:

Құрманғазының «Балбырауын» – жігер мен қуатты бейнелеген қайталанбас туынды;

Әбдімомын Желдірбаевтың «Ерке сылқым» – сұлулық пен нәзіктіктің әуезді үлгісі.

«Күй күмбірі» челленджінің мақсаты – қазақтың киелі домбырасын дәріптеу, ұлттық музыка өнерін жас ұрпаққа насихаттау және бабадан мирас болған күй өнерін болашаққа жеткізу.


Бұл челлендж – ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, рухани мұрамызды ұлықтайтын мәдени бастама.

Шараға мектептің дарынды домбырашылары қатысып, өз өнерлерін ортаға салып, ұлттық өнерге деген сүйіспеншіліктерін танытты.





РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "КҮЙ КҮМБІРІ"
ДОМБЫРАШЫЛАР ЧЕЛЛЕНДЖІ
И.В.ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ
№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ


Отправ
ить






10
10

Анықтама

23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

23 сәуір – әлемдік әдебиет пен кітап сүйер қауым үшін маңызды күн. Бұл күн Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО тарапынан Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде белгіленген.

Бұл күннің мақсаты: Кітаптың адамзат мәдениетіндегі рөлін дәріптеу,

Жазушылар мен авторлардың еңбегіне құрмет көрсету,

Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

23 сәуір – Уильям Шекспир мен Мигель де Сервантес секілді әйгілі қаламгерлер дүниеден өткен күн. Сондықтан да бұл күн бүкіл әлем бойынша кітап пен әдебиетке арналған ерекше мереке ретінде атап өтіледі.


Аталған Ұлттық кітап күніне орай мектеп-лицейде әдеби кештер, оқырман конференциялары, буккроссинг, кітап көрмелері және отбасымен бірге, тәлімгермен бірге кітап оқу іс-шаралары ұйымдастырылды.

#біртұтас_тәрбие #5mekteplitsey #bilimkzo #кітапкүні #сыруланы








COWORKING

Анықтама

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – еліміздегі әртүрлі ұлт пен ұлыстың ынтымағы мен татулығын, достығы мен түсіністігін айшықтайтын ерекше мейрам.

Бейбіт өмір мен келісім – ең басты құндылығымыз!

Туған еліміз – Қазақстанның көк байрағы астында барша халық бір үйдің баласындай тату өмір сүріп келеді.


Көпұлтты ел болу – біздің байлығымыз, бірлігіміз – берекеміз!

Осы жарқын мереке қарсаңында әр отбасына амандық, елімізге тыныштық, бірлік пен береке тілейміз!

Бірлігі бекем елдің болашағы жарқын болмақ!






СПОРТ ДЕНСАУЛЫҚ


БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН
ЕЛ БАҚЫТТЫ


МАМЫР
БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН
ЕЛ БАҚЫТТЫ

Анықтама

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған "Мен – патриот" атты мерекелік кездесу ұйымдастырылды. Бұл шарада мектептің ұстаздары мен оқушылары білім ордасындағы ер азаматтарды салтанатты түрде қарсы алып, алғыс білдіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мақсаты: Оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.

Мектептегі ер мұғалімдер мен қызметкерлерге құрмет көрсетіп, олардың қоғамдағы рөлін дәріптеу.

Міндеттері: Патриоттық тәрбие беру арқылы ұлттық сана мен рухты көтеру;

Мерекелік атмосфера қалыптастыру, ер азаматтарға құрмет көрсету;

Оқушылардың бойында ерлік, намыс, отансүйгіштік қасиеттерін дамыту.

Іс-шара барысында оқушылар патриоттық өлеңдер оқып, әскери әндер шырқап, көріністер қойды. Ер азаматтарға құрмет гүл шоқтары мен жылы лебіздер арқылы білдірілді. Бұл кездесу Отан алдындағы борыш пен елге деген сүйіспеншіліктің қаншалықты маңызды екенін тағы бір еске салды.



Анықтама

КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН - ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде ұлттық ойындарымызды дәріптеу мақсатында 18 мамыр күні "Ұлттық ойын- ұлт қазынасы" атты көңілді үзіліс ұйымдастырылып, "Асық ату", "Бес асық" ойындары ойнатылды.

Мақсаты:


•Ұлттық ойындар арқылы балаларға қазақтың салт- дәстүрін, әдет- ғұрпын таныту;

•Туған елге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру;


•Балаларды қазақ ұлттық ойындарымен таныстыра отырып, шартын бұзбай ойнауға үйрету.

#біртұтас_тәрбие #bilimkzo #5mekteplitsey #ұлттықойындар #көңілдіүзіліс




Асық ату
Ұлттық ойындар


Асық ату
Ұлттық ойындар


Асық ату
Ұлттық ойындар

Анықтама

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 22 мамаыр күні өткізілген «Әлем балалармен әдемі» іс-шарасына мектебіміздің «Жас ұлан» ұйымының оқушылары белсене қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Биші қыздарымыз «Менің Қызылордам» биін биледі және Сағындық Жания «Мерекелеріңізбен» ән шашуын шашты.









№5 И.В.Панфилов атындағы

мектеп-лицей директоры

Р.Мұхашова

Өтетін орны: АКТ зал

Өтетін уақыты: 14 наурыз, сағат 12:30

Тақырыбы: «Көктем аруы – 2025»

Мақсаты:

1. Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік т.б. негізінде тәрбиелеу.
2. Әр қыз баланы парасатты, жан – жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу. Табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу.

Байқаудың шарттары төмендегідей:

І-кезең: «Мен - қазақтың қызымын» таныстыру (2 мин)
(қатысушылар өздерін видеоролигпен, өлеңмен, әнмен таныстырады)

ІІ-кезең: «Қыз еркем – өнерімен көркем» (5 мин)
(қатысушы қыздар бір өнер түрін көрсетеді)

ІІІ-кезең: Қазақтың салт-дәстүрлеріне байланысты сұрақтар (2 мин)
(карточка таңдап сұрақтарға жауап береді)

ІV-кезең: Сән үлгісі (3 мин)
(қыздар сахнаға шығып, көктемгі киім үлгілерін таныстырады)

фанфар (жүргізуші ортаға шығады)

жүргізуші: Армысыздар ұстаздар, бойжеткен арулар және оқушылар! «Көктем аруы – 2025» байқауына қош келдіңіздер! Қазақ қызы десе ашық, бірақ жүзінде ұяңдық бар, әдепті, инабатты жан елестейді. Бүгінде сол әдепті де әдемі, инабатты да мейірімді ару қыздарымыз көбейе берсін деген ниетпен бастауға рұқсат етіңіздер. Баршаңызды наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Ал, бүгінгі қыздарымыздың өнерлері мен білімдерін байқау үшін «Көктем аруы – 2025» атты байқауымызды ашуға мектебіміздің директоры Мұхашова Рита Жұмамұратқызына сөз берейік.

жүргізуші: Олай болса бүгінгі «Көктем аруы – 2025» қыздар байқауын ашық деп жариялаймыз!

Ендеше біз де қатысушы аруларға лайықты ықылас-ниетімізді білдіріп, қошемет көрсетіп ортаға шақырайық.

«Көктем аруы – 2025» байқауына қатысушы аруларымызды ортаға шақырамыз!

8 «А» сынып оқушысы Қозыбақова Маржан

8 «Ә» сынып оқушысы Молдабек Армина

8 «Б» сынып оқушысы Әлиәкім Жанерке

9 «А» сынып оқушысы Ақсұлтан Нұрдана

9 «Б» сынып оқушысы Саламат Аружан

(қатысушылар жеребе бойынша өз нөмірлерін алады)

жүргізуші: олай болса бүгінгі байқауымыздың шарттарын атап өтейін:

І-кезең: «Мен - қазақтың қызымын» таныстыру (2 мин)
ІІ-кезең: «Қыз еркем – өнерімен көркем» (5 мин)

ІІІ-кезең: Қазақтың салт-дәстүрлеріне байланысты сұрақтар (2 мин)
ІV-кезең: Сән үлгісі (3 мин)

жүргізуші: Шалқытып мерекеде ән салайық,

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әділдік пен шындықты арқа тұтқан

Әділқазы алқасымен танысайық

_____
_____
_____

жүргізуші: Арулар келіп жетті танысуға

Сыпырды томағасын осы дуға

Ұшып келген қырандай керілтелді,

Әдеппен, ізетпен танысуға – дей келе байқауымыздың 1-ші кезеңі «Таныстыру». Арулар кезек-кезек өздерін таныстырады. (3 мин)

Әділқазылар ұпай сандарын көрсетіп жіберсеңіздер

жүргізуші: 2-ші кезеңіміз «Қыз еркем – өнерімен көркем» дей келе өнерлі аруларымызды ортаға шақырамыз. (5 мин)

Әділқазылар ұпай сандарын көрсетіп жіберсеңіздер

жүргізуші: 3-ші кезең Қазақтың салт-дәстүрлеріне байланысты сұрақтар. Қатысушы аруларымыз ортаға шығып сұрақтарға жауап береді (2 мин)

Әділқазылар ұпай сандарын көрсетіп жіберсеңіздер

жүргізуші: 4-ші кезең Сән үлгісі. Қыздар сахнаға шығып, көктемгі киім үлгілерін таныстырады. (3 мин)

Әділқазылар ұпай сандарын көрсетіп жіберсеңіздер

жүргізуші: Өнеріміз сайыста,

Жетелейді алысқа.

Бүгінгі күннің жеңісі,

Достық болып қалуда.

Барлық аруларымызды ортаға шақырамыз.

Көзді ашып жұмғанша арулар байқауы өз мәресіне жетті. Сайысты қорытындылау үшін әділдікке жаны құмар әділқазы алқасына сөз кезегін береміз.

(марапаттау, фотосессия)

жүргізуші: Баршаңызды көктем мерекесімен құттықтай отырып сайысымызды аяқтаймыз. «Қыз – ұлттың жаны» демекші, ата-аналардың аяулысы, құрбы-құрдастардың қымбаттысы, даламыздың гүлі, өміріміздің сәні бола беріңіздер!

«Бекітемін»
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова

«Күз ханшайымы»
Өтетін орны: мектеп Акт залы

Өтетін күні: 16.10.24ж

Өтетін уақыты: 11:00

Мақсаты:

1. Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру.

2. Оқушыларды тапқырлыққа, шеберлікке баулу.

3.Ұйымшылдыққа, өз ойларын ортаға салып көрсете білуге, табиғатты сүюге бағыттау.

Би « DJA DJA »

Ведущий 1 (звучит тихо мелодия)

И снова осени портрет

Природа вешает в гостиной,

Под звуки песни журавлиной,

Под листьев золотистый свет.

2 –жүргізуші: Армысыздар, бүгінгі кеш куәсі,

Алтын күзім тойланатын күн осы.

Жасыл далам, сары далаға айналып,

Алтын күзге айналады жыр осы.

Табиғатым сары көйлек киеді

Күзгі балды тойлауға жұрт жиылды.

Ведущий 1: Добрый день, дорогие друзья! Сегодня в этот зал нас пригласила романтическая, загадочная, чарующая, непредсказуемая, степная госпожа осень, чтобы узнать, кто же станет обладателем титула «Мисс Осень»

2 –жүргізуші: Бүгінгі мерекелік кешімізде сыпайы да мейірбанды, ақ маңдай ашық жүзді, айдай сұлу жылы жүздерінен күннің нұры төгілген нағыз ханшаға лайықты «Күз Ханшайымы» сайысы өткізіліп, жеңімпазымызды анықтайтын боламыз.

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

1. Кел танысайық. (Таныстыру)
2. Өз өнерін көрсету (ән, би, күй, т.б)
3. Күзгі сый. (Күзгі материалдан жасаған жұмыстарын көрсету)
4. Күз ханшайымы сән үлгісі. (Күзгі сән үлгілерін көрсету)

Ведущий 1: А какой же конкурс без жюри? Под ваши бурные аплодисменты позвольте представить членов нашего жюри.

2 –жүргізуші: Әділ қазы, ақ қазыға бір сәлем,

Әділдікке бас иеді күллі әлем.

Жүйрік озар сайыстарда неше бір,

Сарапқа сал, әділдікпен неше біл...

Бүгінгі сайысымызға қазылық жасайтын қазылар алқасымен таныс болыңыздар:

_____

_____

_____

_____

Ведущий 1: А теперь разрешите пригласить на сцену наших очаровательных принцесс, которые примут участие в сегодняшнем конкурсе.

6А сынып оқушысы Сәруар Іңкәр

6Ә сынып оқушысы Құнанбай Райиана

6В сынып оқушысы Уалиева Аяулым

6Г сынып оқушысы Жапбархан Жулдыз

6Д сынып оқушысы Левина Виктория

6Е сынып оқушысы Арманқызы Диляра

7А сынып оқушысы Кенжебай Нұрай

7Б сынып оқушысы Бұланбай Айару

7В сынып оқушысы Жағал Ләйлім

7Е сынып оқушысы Серикбай Каусар

7Д сынып оқушысы Матешева Севара

2 –жүргізуші: Ендеше сайысымызды бастау үшін мектеп директоры Мұхашова Рита Жұмамұратқызына сөз беріледі

Құрметті қатысушылар шығу реттіліктеріңіз бойынша номер алсаңыздар.

2 –жүргізуші: Құрметті көпшілік көрерменім,

Жақсылыққа әрдайым артқан сенім.

Ақжол тілек үкілі үміткерге

Таныстыру шартына кезек бердім. (таныстыру)

Ведущий 1: Итак, наше первое задание –привествие «Давайте познакомимся». Согласно регламенту дается 2 минуты, за это время участники конкурса должны себя представить . А начинает у нас ученица класса .

№1

№2

№3

№4

№5

№6

№7

№8

№9

№10

№11

Хочу поблагодарить всех девочек за креативный подход и обратиться к уважаемым и любимым судьям. Пожалуйста, оцените раздел «Привествие ».

2 –жүргізуші: Ал кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға,

Үміткерлер аянбай жан салыпты.

Құрметті көрермендер, ендігі кезекте үміткерлеріміздің дайындап келген өнерлерінің куәсі болуға ортаға шақырамыз. (3 мин)

Ведущий 1:

Так подведем же мы итог

И скажем вместе эпилог.

Пора нам тело всем размять,

То есть, конечно, ТАНЦЕВАТЬ!

2 –жүргізуші: Әділ қазылар алқасы өнер байқауына әділ шешімін берсеңіздер!

2 –жүргізуші:

Көрсетеді өнер әр салада сайысып

Қимылдары жүргендей бір жай ұшып.

Мерекелік күзгі сыйды жасапты,

Қыздарымыз сайысқа атсалысып.

Олай болса, қыздарымыз **табиғи материалдан жасаған** жұмыстарын таныстырып өтсін. Әділ қазылар алқасы да қарап бағалап жіберсе. (2 мин)

Раздается звук телефона.

2 –жүргізуші: Бүгінгі кеш өтіп жатыр мәнімен

Әр сұлу қыз әсем болар сәнімен.

Күзгі сәнді өнерімен ортағы,

Ару қыздар сән көрсетер майысып,-деп қатысушыларымызды өз шығармашылықтарымен жасаған «Күз ханшайымы» сән үлгісінде ортаға шақырамыз!

Ведущий 1: Обратите внимание, как сегодня постарались наши участники! Они нарядно и стильно одеты, у них прически и макияж! Старания не должны пропасть даром!

2 –жүргізуші: Сымбатты қыздарымыздың өз қолдарымен жасаған киім үлгілерін тамашалап болсақ, әділ қазыларға сөз берсек.

Ведущий 1: Хотелось бы поблагодарить всех участниц конкурса и сказать «Главное не победа, а участие» и попросить уважаемое жюри подвести итоги мероприятия и выбрать, кто же сегодня заберет титул «Мисс Осень»!

Жюри объявляет итоги и награждает участников «Мисс Осень»

2 –жүргізуші: Қымбатты көрермендер! Жеңімпаздарымызға биік шыңдарды бағындырып, қонар тұғырлары биіктей берсін дей отырып кешімізді осымен аяқтаймыз. Тамашалағандарыңызға рақмет, сау –саламат болыңыздар

№5 И.В.Панфилов атындағы

мектеп-лицей директоры

Р.Мұхашова

«Мен ерекше баламын» тақырыбында сайыс

Өтетін орны: Акт залы

Өтетін күні:04.02.2025ж

Өтетін уақыты: сағ.13:00

Мақсаты:

- Ерекше балалардың, қабілеттерін, өнерлерін таныту;

- Өзін-өзі еркін сезініп, таланттарын ашуға мүмкіндік беру;

- Сахнада ойын айқын жеткізе білуге баулу.

1-жүргізуші :

Құрметті ұстаздар жане сайысқа қатысушы оқушылар! Бүгін біз «Мен ерекше баламын» атты тамаша байқауға жиналып отырмыз. Бұл сайыста біздің ерекше оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, таланттарын паш етеді.

Бүгінгі сайысымыз 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең: Өздері жайлы шағын бейнеролик.

2-кезең: Өздерінің өнерлерін көрсету .(би ,ән, сурет, қолөнер, т.б)

3-кезең: Логикалық сұрак- жауап.

2-жүргізуші:

Әр бала - қайталанбас әлем , әр бала - ерекше! Олай болса, қатысушыларымызға сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастайық!

Қорытындылау және марапаттау:

1-жүргізуші:

Міне, бүгінгі байқау да өз мәресіне жетті. Біздің оқушыларымыз нағыз талант иелері!

2-жүргізуші:

Әр баланың жүрегінде үміт отын жағу бәріміздің міндетіміз! Баршаңызға алғысымыз шексіз! Келесі сайыста кездескенше сау саламатта болыңыздар!